

**Астана қаласы әкімдігінің
«№25 жалпы орта білім береті мектеп» КММ**



Ата-аналарға арналған нұсқаулық

«Мектеп – білім ошағы, тәрбие
ордасы, тағылым табалдырығы»



Мазмұны

Мектеп директорының алғысөзі.....	3
Мектепке жалпы сипаттама.....	4
Мектеп туралы	5-6
Мектеп миссиясы	7
Мектеп әкімшілігі.....	8-9
Оқу апталары мен демалыс уақыттары.....	10
Оқулықпен қамтамасыз ету, мектеп формасы.....	11
Оқушылардың өзін-өзі басқаруы	13
Мектеп мәзірі	14
Жаздық мектеп, жаздық лагерь.....	15-16
Әлеуметтік жобалар.....	17-18
Ата-аналармен ынтымақтастық	19
Ата-аналармен байланыс.....	19
Ата-аналар комитеті	20
Ата-аналардың жауапкершілігі.....	20
Мектеп ережелері.....	21-23
Ата-аналарға кеңес	24-25
Байланыс деректері.....	26

Құрметті Ата-аналар!

Біз сізді және сіздің балаңызды мектебіміздің қабырғасында қарсы алуға қуаныштымыз! Біздің білім ордамызды таңдап, балаңыздың білімі мен тәрбиесін бізге сеніп тапсырғаныңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Біздің мектеп – әрбір оқушы өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын және табысты өмір сүруге қажетті білім мен дағдыларды алатын орын. Біз балалар өздерін сенімді сезінетін жағымды және жайлы атмосфераны құруға тырысамыз. Біздің басымдықтарымыз:

- Сапалы білім: Біз мемлекеттік стандарттар мен заманауи талаптарға сай білім беру бағдарламаларының кең спектрін ұсынамыз. Ұстаздарымыз үнемі білімі мен біліктілігін арттыратын жоғары білікті мамандар.
- Жан-жақты дамыту: Біз тек оқудағы табысқа ғана емес, сонымен қатар оқушыларымыздың шығармашылық, спорттық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға назар аударамыз. Мектепте әртүрлі үйірмелер, секциялар және жобалар бар.
- Тәрбиелік: Оқушылардың бойына ұлттық құндылықты, жауапкершілік, сыйластық, адалдық, мейірімділік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді сіңіруге тырысамыз.
- Қауіпсіздік: Біз оқушыларымыздың мектеп аумағында және іс- шаралар кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз.
- Ата-аналармен ынтымақтастық: Табысты білім мен тәрбие тек ата-ананың белсенді қатысуымен ғана мүмкін болады деп есептейміз. Біз диалогқа ашықпыз және ынтымақтастыққа әрқашан дайынбыз.

Құрметпен, Қиянов Алмаз Оралович

Жалпы сипаттама

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):



Астана қаласы әкімдігінің «№ 25 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ қазіргі уақытта «№ 36 орта мектеп» КММ ғимаратында уақытша орналасқан. 010000, Астана қаласы, Қарасай бытыр көшесі, 10.

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды почта, web-сайт):



телефон: +7(7172)65-26-31;



электрондық пошта: astanash25@inbox.ru,



мектеп сайты <https://25.astana-bilim.kz/?page=8&land=ru>



2) Рұқсат етуші құжаттар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті берген № KZ79LAA00034184 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүргізіледі, (бастапқы берілген күні: 04.05.2023 ж.,

- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- жалпы орта білім беру.

3) Оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектепке кіруді бақылау қызметі ұйымдастырылған, жылжымалы дабыл түймесі бар консоль, өрт және қауіпсіздік дабылы іске қосылған.



Мектеп туралы

«№ 25 жалпы орта мектеп» КММ қазіргі уақытта «№ 36 орта мектеп» КММ ғимаратында уақытша орналасқан. Ғимарат іргетасы тіреулі (свайный) қабырғалары газоблоктар, жабылулары монолит, еден бетон. Ғимараттың ауқымы 58781,0. 3 қабатты, 1200 оқушыға арналған.

Мектеп екі кезеңде жұмыс жасайды. Мектептің оқыту тілі аралас – қазақша, орысша.

Мектепте оқу кабинеттері 28 интерактивті тақта, 28 интербелсенді экран орнатылған.

Мектепте 54 оқу сыныбы бар, соның ішінде сыйымдылығы 30 оқушыға дейін.

Мектепте: – 48 768 кітап және оқу-әдстемелк құралдарының қоры бар, оның ішінде оқулықтар – 39 720 дана, 25 орындық оқу залы бар ктапхана;

- 260 орындық мәжіліс залы;

- ас әзірлейтін бөлмесмен қоса 400 орындық асхана;

- дене шынықтыру құралдарымен жасақталған спорт залы;

- дәрігердің, психологтың, медициналық изоляторы мен ем-шара қабылдау бөлмесмен тұратын медициналық бөлмше бар.

Мектеп ауласында футбол алаңы, волейбол және баскетбол алаңқайлары және балалардың демалу аймағы бар.

Мектепте әрбір балаға керек-жарақтарын және кимдерін сақтауға арналған жеке шкаф беріледі.



Мектеп туралы

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:

Мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға арналған мектепте қажетті жағдай жасалған. ЕББҚ мүгедек балалар үшін жеке білім беру процесін басқару және қамтамасыз ету, түзету-педагогика саласында жоғары білікті арнайы мамандандырылудан өткен (сертификаттары бар) мұғалімдермен атқарылып отыр. Мектепке кіреберіс жеріне мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы ұстап жүріп, кіретін арнайы құрылғы (пандус пен балаларға арналған арнайы қоңырау нүктесі (звонок) орнатылған, мектеп ішінде балалардың жүріп-тұруына арнайы сары түсті жолақ жолдар төселінген.



Мектеп миссиясы

Mission

«Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзгерістерге бейім, сауатты, IT – құзіретті, адал ұрпақ тәрбиелеу»

Ұйымды ерекшелейтін негізгі аспектілерге мыналар жатады:

Құндылыққа негізделген білім беру: Мектеп ұлттық құндылықтарды күнделікті оқуға енгізу, оқушылар арасында сыйластық, адалдық және адалдықты насихаттау арқылы мінез бен мәдени бірегейлікті дамытуға баса назар аударады.

Цифрлық құзыреттілік фокусы: Цифрлық сауаттылыққа қатты ұмтыла отырып, мектеп оқушылар мен мұғалімдерді IT және AI дағдыларымен жабдықтауға, оларды технологияға негізделген болашаққа дайындауға басымдық береді.

Оқытудың инновациялық тәжірибелері: Мұғалімдерге білім беру үрдістері мен технологиялық жетістіктерге жауап беретін динамикалық, бейімделетін оқу ортасын құра отырып, жаңа, инновациялық әдістер мен құралдарды қабылдауға шақырылады.

Қоғамдастық пен ата-ананың қатысуы: сыныптан тыс қолайлы ортаның маңыздылығын мойындай отырып, мектеп ата-аналармен және қоғамдастықпен белсенді түрде араласады, оқушылардың дамуына бірлескен көзқарасты қалыптастырады.

Дарынды және жан-жақты оқушыларға жеке қолдау көрсету: Мектеп дарынды оқушыларға арналған арнайы бағдарламалар мен байқаулар ұсына отырып, дарындылықты анықтауға және тәрбиелеуге арналған, сонымен қатар академиялық қиындықтарға тап болған оқушыларға қосымша қолдау көрсетеді.

Оқу апталары мен демалыс уақыттары

Оқу жылының басталуы – 2 қыркүйек.

2–11 сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

Демалыстар:

күзгі – 7 күн (28 қазаннан бастап 3 қараша),

қысқы – 10 күн (29 желтоқсаннан бастап 8 қаңтар),

көктемгі – 11 күн (19 –29 наурыз)

Мектепке оқушылар 07.45-те келуі
керек. 07.50-де “8 минуттық кітап
оқу” жобасы
басталады.

Ал екінші кезең үшін 13.50.

1	08.00-08.40	1	14.00-14.40
2	08.45-09.25	2	14.45-15.25
3	09.35-10.15	3	15.35-16.15
4	10.25-11.05	4	16.25-17.05
5	11.15-11.55	5	17.15-17.55
6	12.00-13.40	6	18.00-18.40

Оқулықпен қамтамасыз ету

Әрбір білім алушы оқу жылының басында оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Бұл оқулықтар мектептің жеке меншігі болғандықтан, оқушылар оқу жылының соңында оқулықтарды тиісті күйінде қайтарады. Оқулық бүлінген немесе жоғалған жағдайда білім алушы оқулықтың түпнұсқасын қайтарады немесе кітапхананы пайдалану Ережесіне сәйкес ата-ана оқулықтың құнын төлейді.

Мектеп формасы

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қою көк және ақ түстерден таңдалады. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.



Оқушылардың өзін-өзі басқаруы

«Ұлы құрылтай» жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымы – оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін, әлеуметтік жауапкершілігін және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған мектеп өміріне белсенді қатысуының бір түрі.

Негізгі мақсаттар мен міндеттер:

- Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту: Жоғары сынып оқушыларының мектеп өмірін басқаруға қатысу мүмкіндігін беру.
- Белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.
- Демалыс шаралары: Мәдени, бұқаралық және спорттық іс-шараларды жоспарлау және өткізу.
- Үйірмелер мен секциялардың жұмысын ұйымдастыру.
- Оқушылардың құқықтарын қорғау: Мектеп әкімшілігі алдында жоғары сынып оқушыларының мүдделерін білдіру.
- Жанжалды жағдайларды шешуге қатысу.
- Тәрбиесі: Жауапкершілік пен ұжымшылдық сезімін қалыптастыру.
- Көшбасшылық қасиеттерін және ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.



Мектеп мәзірі

Астана қаласының жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған ас мәзірі (жаз-күз, қыс-көктем) арқылы жүзеге асырылады.

1-сыныптар үшін, тамақтану уақыты 08.45

1 апта мәзірінің 5 күні мысалға көрсетілді. Толық мәзірді QR арқылы, таныса аласыз.



Дүйсенбі

1. Сүт қосылған жұмсақ сұлы ботқасы
2. Маймен бутерброд
3. Жидек киселі
4. Алма

Сейсенбі

1. Сүт қосылған жұмсақ тары ботқасы
2. Маймен бутерброд
3. Сүзбе бәліші
4. Кептірілген жемістен кампот

Сәрсенбі

1. Сүт қосылған жұмсақ күріш ботқасы
2. Сүт қосылған какао
3. Құрғақ печенье
4. Қара бидай наны

Бейсенбі

1. Сүт қосылған жұмсақ үш жарма ботқасы
2. Маймен бутерброд
3. Кептірілген жемістен кампот
4. Алма

2-4 сыныптар үш

Дүйсенбі

1. Сиыр етінен тефтелі
Қызанақ тұздығы
Қайнатып пісірілген қарақұмық
2. Жидек киселі
3. Қара бидай наны
4. Алма

Сейсенбі

1. Сәбіз салаты
2. Ет қосылған палау
3. Кептірілген жемістен кампот
4. Қара бидай наны

Сәрсенбі

1. Сиыр етінен
Қызанақ тұздығы
картоп пюресі
2. Қара бидай наны
3. Итмұрын сусыны

Бейсенбі

1. Дәруменді салат
2. Балық етінен тефтелі
Ақ соус
бұқтырылған күріш
3. Кептірілген жемістен кампот
4. Қара бидай наны



Ата-аналармен ынтымақтастық

Мектепте өткізілетін көптеген іс-шараларды оқушылардың ата аналарымен бірлесе отырып өткізу дәстүрге айналған. Ата-аналар мектептің тәрбие үрдісіне белсене қатысады және мектеп миссиясын орындауда педагогикалық ұжымға көмектеседі. 2024 жылдың бастауын алған «Даналық мектебі» жобасы негізінде мектеп ата-аналарымен бірлескен жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Жобаны жүзеге асыру аясында ата-аналардан құралған “Әкелер” мектебі, “Аналар” мектебі еріктілер тобы оқушыларға тамақ дайындау, қолданбалы өнер бойынша шеберлік сағаттарын және дәрістер мен әңгімелесу сағаттарын, спорттық-сауықтыру шараларын өткізеді.



Ата-аналармен байланыс

Баланы мектепке қабылдау барысында ата-аналар өтініште өздерінің мекен-жайы, электронды поштасы, жұмыс, үй және ұялы телефондары жөнінде ақпарат береді. Байланыс деректері өзгерген жағдайда ата-аналар бірден сынып жетекшісіне хабарлайды. Мектепте білім алушының ата-аналарына арналған ашық есік күндері ай сайын өткізіледі. Мектепте “Ата-аналарды” қолдау орталығы айдың соңғы аптасының бейсенбі, жұма күндерінде жұмыстар өткізеді.



Ата-аналар жиналысы

Ата-аналар жиналысы жалпы мектепішілік, сыныптық және «Бетпе бет» түрінде өткізіледі. Аталмыш жиналыстар кестеге сәйкес ата-ана мен мұғалім арасында оқушының қызығушылығы мен жетістіктері жөнінде жеке әңгімелесу бағытында жүргізіледі. Мектеп ата-аналарға жиналыстың өтетіндігі жөнінде ақпаратты 7 күн бұрын әлеуметтік желілерде хабарлайды.

Ата-аналар комитеті

Ата-аналар комитеті әрбір сыныптың өкілінен құралады. Ата-аналар комитеті басқару ұйымының бір түрі болып табылады. Ата-аналар комитетінің басты міндеті – мектептің әкімшілігіне және оқытушылар құрамына оқу-тәрбие және мәдени-ағарту жұмыстарына көмек көрсету.

Ата-аналар жауапкершілігі

Мектеп «Академиялық адалдық саясатын» жүзеге асырады. Ата-аналар аталмыш саясаттың Ережелерімен танысып, оқушылар оны бұзған жағдайда ата-аналар жауапкершілікке тартылады. Оқушыларға мектепке 5 АЕК-дан асатын қымбат бұйымдарды (электронды және ұялы аппараттар, фото және бейнекамералар, әшекей бұйымдар, ірі ақшалар және т.б.) әкелулеріне тыйым салынады. Мектеп қымбат бұйымдар жоғалған жағдайда өз жауапкершілігіне алмайды. Оқушы сабақтан қалған жағдайда ата-аналар сынып жетекшілеріне алдын-ала хабарлап айтуы тиіс. Егер оқушы денсаулық жағдайына байланысты 3 күнге дейін сабақ қалдыратын болса, ата-аналары түсініктеме жазады, ал сабақты 3 күннен аса уақыт қалдырған жағдайда, оқушы медициналық анықтама немесе сабаққа келмеу себебін дәлелдейтін құжат ұсынуы тиіс. Мектептен тыс уақытта балаларының өмірі мен денсаулығына ата-аналар жауапты. «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексінің» 442-бабының 2-тармағына сәйкес көмелетке толмаған жасөспірім заңды өкілінсіз түнгі сағат 22.00-ден таңертеңгі сағат 6.00-ге дейін үйден тыс жерлерде жүрген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған шараға тартылады.

Ата-ана құқықтары мен міндеттерін сенімхат бойынша беруге БОЛМАЙДЫ. Ата-ана міндеттерін орындаудан ата-ана құқықтарынан айырылған кезде ғана сот шеттетеді.

МЕКТЕП ережелері

1 Жұмыс уақыты

Дүйсенбі-Жұма аралығында
07.30-20.10

- қызметкерлер мен оқушылар турникеттен мектепке кіру және шығу кезінде "Face ID" арқылы өтуі керек.
- ата-аналар мен мектеп қонақтары күзет бекетінде жеке куәліктерін көрсетіп, тіркелуі керек.



2 Дресс-код

Қызметкерлер мен оқушылар үшін киім үлгісі Іскери стильді, мектеп формасына сай болу керек.



3 Ата-аналар мен мектеп қонақтары үшін

Ұқыпты, таза және мектепке баруға сай болуы керек



4 Өзін-өзі ұстау этикеті

Мектеп қызметкерлері мен оқушылар мектептің әдеп кодексін сақтауы қажет

Мектеп қонақтары мектеп ұжымына және оқушыларға ілтипатпен, ұстамдылықпен және құрметпен қарауы қажет
мектептің аумағында дөрекі сөздерді қолдануға жол берілмейді.



5 Көлік

мектепке іргелес аумақта жол қозғалысы ережелерін сақтаңыз, мектеп аумағында кіреберістің жанында автокөліктерді қоймаңыз



МЕКТЕПKE

СКУТЕРМЕН
КЕЛУГЕ ;



САМОКАТ,
ЭЛЕКТРОСАМОКАТ-
ПЕН КЕЛУГЕ;

МОПЕДПЕН
КЕЛУГЕ ;



ЭЛЕКТРО-
ВЕЛОСИПЕДПЕН
КЕЛУГЕ

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Ата-аналарға арналған ұсынымдар мен кеңестер

Отбасы балаларда эмоционалды тұрақтылықты, өзіне деген сенімділікті және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл қасиеттер буллингке қарсы тұруға немесе одан аулақ болуға көмектеседі.



Отбасы мен үйде ашық және сенімді атмосфера құрыңыз.

Баланы тыңдаңыз. Оның көңіл-күйіне, мектептегі жағдайына және сыныптастарымен қарым-қатынасына үнемі қызығушылық танытыңыз.

Айыптамаңыз. Балаға сыннан немесе жазадан қорықпай өз тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік беріңіз.

Барлық туындаған мәселелерді талқылаңыз.

Буллинг туралы балалармен сөйлесіңіз, оның не екенін және неге қолайсыз екенін түсіндіріңіз.

Баланың өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастырыңыз.

Баланы жетістіктері үшін мадақтаңыз.

Оның күшті жақтарын атап көрсетіңіз және табысқа жетуге ынталандырыңыз.

Сәтсіздіктермен күресуге көмектесіңіз.

Қателерді қынжылу себептері ретінде емес, даму және өсу мүмкіндіктері ретінде қарастыруға үйретіңіз.

Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз.

Өзін маңызды және құнды сезіну үшін баланың даралығын қолдап, ынталандырыңыз.



Ыңғайлы кешкі рәсімді жасаңыз

Ұйықтар алдында демалу әдетін енгізіңіз: кітап оқу, тыныш музыка, әңгімелесу.

Түнде гаджеттерді жатын бөлмесінен тыс қалдыруға келісіңіз

